

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

SEMEI

Аграрлық факультеті «Ветеринариялық медицина» кафедрасы
5B120100- «Ветеринариялық медицина»

Өндірістік іс-тәжірибе есебі

Дайындаған: Нұртөлеуов Н.М
Тобы: ВМ-501

Жоспар

- I. Кіріспе
- II. Негізі бөлім
 - 2.1. Тәжірибе өткен орынның сипаттамасы, климаты мен географиясы
 - 2.2. Индеттану және жұқпалы аурулар
 - 2.3 Ішкі жұқпалы емес аурулар клиникалық диагностикамен
 - 2.4. Мал дәрігерлік істі ұйымдастыру
 - 2.5. Ветеринариялық зоогигиена
 - 2.6. Ветеринариялық хирургия
 - 2.7. Ветеринариялық фармакология және токсикология
 - 2.8. Ветеринариялық акушерлік және гинекология
- III. Қорытынды
- IV. Ұсыныс
- V. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
- VI. Қосымшалар

2.1 Тәжірибеден өткен аймаққа жалпы сипаттама.

- Шығыс Қазақстан Аягөз ауданы үш климаттық аумақта орналасқанымен, құрғақ далалы табиғи шаруашылық аймағында орналасқан. - ауқымы: аудан аумағы 160.73 шаршы метрді құрайды. Тұрғындар саны 38 126 мың адамды, соның ішінде 14 ауылдық округтерінде және 4 кенттерде 49 елді мекендерде тұрады. Ауданда ауыл шаруашылық өндеріспен 812 ауыл шаруашылық құрылымдары айналысады, олар 805 шаруа қожалықтары және 7 түрлі қалыптағы шаруашылық субъектілері. Ауданның ауыл шаруашылық құрылымдарына 398,3 мың гектар ауыл шаруашылық белгідегі жерлер бекітілген. Негізінде, ауыл шаруашылық азық түліктерін өндірушілері болып шаруа қожалықтары және жеке қосалқы шаруашылықтар саналады, оларда жалпы ауыл шаруашылық азық-түлік 85 пайызға дейін өндіріледі. Аягөз ауданының дамуына жер алқабы толық жарамды. Аягөз ауданының халқының 45 пайызы мал шаруашылығымен айналысады. Мал азығына жусан, бетеге, кермек беріледі. Өзен жайылымдарында бидайық, арпабас, жауқияқ, айрауық, қамыс түрлі шөп аралас шалғын өседі. Ал малдарды бордақылау үшін тартылған арпа, камбикорм, жымық беріледі.

2.1 Тәжірибеден өткен аймаққа жалпы сипаттама.

- Аягөз ауданында қалдықтарын залалсыздандыру және пайдаға асырудың аса зор санитарлық, экологиялық маңызы зор. Мал шаруашылығының қалдықтары ішінде бірінші орында көң алады. Ауру қоздырғыштары қидан азықтарға, суға түсіп малға алиментарлы жолмен жұғып, ауру тудырады. Сондықтан да шаруа қожалықтарында ауруларды таратпау және шаруашылықтың экологиялық жағдайын жақсарту жұмыстары қолға алынған. Қоралардағы қиды тазалап шығарып, оларды бөлек орынға жинап, биотермиялық жолмен залалсыздандырады. Мал тұратын жерлер, серуендететін алаңдар күнделікті мал нәжістерінен және азық қалдықтарынан тазаланып, жеке орындарда жиналады. Малдар таза астаудан азықтандырылып, ағынды немесе құдық суларымен суарылады. Шаруашылықта ірі қара малдарын суару үшін әрі суды үнемдеу мақсатында әрбір базда малдар су ішетін заманауи науалар (поилка) орналастырылған.
- Қоршаған ортада болып жататын адам мен жануарлардың қауіпті ауруларынан сақтану әр адамның міндеті немесе тез арада сол аурумен күресу және салауатты өмір салтын белсенді насихаттау, қалыптастыра білуі шарт. Біздің міндетіміз малдардың қоршаған ортаға зиянын тигізбеу және қоршаған ортаның мал денсаулығына зиянын тигізбеуін қадағалау деп санаймын.

2.2 Индеттану және жұқпалы аурулар

- Аягөз ауданында жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында жоспарлы түрде қан алу жұмыстары және қауіпті ауруларға қарсы вакцинациялау жұмыстары жүргізіліп тұрады. Сонымен қатар шаруашылыққа зор зиян келтіретін әр түрлі инвазиялық аурулардың алдын-алу мақсатында жоспарлы дегельментизациялау және дезинфекция жұмыстары жүргізілді. Жалпы жұқпалы және жұқпалы аурулар жөнінде жергілікті мал дәрігері әр бір шаруа қожалығын хабардар етіп отырды.
- Аягөз ауданында жұқпалы аурулардан сақтандыру мақсатында келесі іс-шараларды жүргізеді: қарасан, пастерелле, листериоз, бруцеллез және аусыл ауруларына қарсы вакцина егеді. Бруцеллезге қарсы әдістер жүргізу үшін шаруашылықта ірі қара малы мен ұсақ мүйізді малынан қан алады. Ауданның малдәрігері мамандарының негізгі жұмыстары мал және адам денсаулығын сақтауға бағытталған кең көлемдегі ветеринарлық – санитарлық жұмыстарды жүргізу болып табылады.
- Өркен ауылдық округінде жүргізілетін індеттік аурулардың алдын-алу шаралары:
- Кәсіптік тәжірибе өту барысында мен малдарды жоспарлы диагностикалық тексерулерге қатыстым. Аусылға, бруцеллез, алдын ала бұзау колибактериозына қарсы (клоастральды иммунитет) және қарасанға қарсы вакцина ектім.

2.2 Индеттану және жұқпалы аурулар

Индеттану-індет процесін, жұқпалы аурулардың пайда болу және таралу заңдылықтарын зерттейтін, сол арқылы жұқпалы аурулармен күресу әдістерін қарастыратын ғылым. Жұқпалы аурулардың экономикаға нұқсаны және індетке қарсы шаралардың экономикалық тиімділігі. Егер жұқпалы ауруларға қарсы уақтылы шұғыл шаралар қолданылмаса мал шаруашылығы орасан зор шығынға ұшырайды. Бұл шығынды құрайтындар: мал өлімі және соған байланысты мал басының кемуі, ауырған малдан алынатын өнімнің азаюы, елдің шикізат қорының және мал мен мал өнімдерін экспортқа шығарудың төмендеуі.

Индетке қарсы шаралардың экономикалық тиімділігі осы шаралар арқылы жұқпалы аурулардың алдын ала отырып, ауру байқала қалған жағдайда оның зардаптарын шектеу арқылы шаруашылыққа келетін зиянды болдырмау немесе мейлінше азайтудан туындайды. Бұл шаралардың арасында мал басы сақталып, одан алынатын өнімнің мөлшері мен сапасы артады. Ветеринариялық шараларды жетілдіргенде оған жұмсалатын шығын да азаяды. Индетке қарсы шаралардың экономикалық тиімділігін талдағанда мынандай көрсеткіштер еске алынады: болдырылмаған экономикалық нұқсан, алынған экономикалық нәтиже, жұмсалған әрбір теңгенің қайтарылымы. Мал шаруашылығының қазіргі кезеңдегі дамуынан туындайтын індеттанудың мақсаттары. Халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізатпен толық қамтамасыз ету үшін мал шаруашылығын жедел дамытып, оның өнімділігін және алынған өнімнің сапалылығына қол жеткізу қажет. Мал шаруашылығындағы осы заманғы жеделдетілген технология тек қана мал басы жұқпалы аурулардан толық және тұрақты таза болғанда ғана нәтижелі болады. Экологиялық жағынан таза, санитариялық сапасы жоғары мал өнімдері ғана халықтың талабын қанағаттандыра алады. Осы заманғы жеңіл өнеркәсіп технологиясы малдан алынатын шикізаттың сапасына өте жоғары талаптар қояды. Осы талаптарға дені сау малдан алынған өнімдері ғана сай келеді. Қазіргі уақытта меншіктің барлық түрлері қатар дамып, жекеменшіктегі мал санының шұғыл артуына байланысты мал шаруашылығына ветеринариялық қызмет көрсету, оның ішінде індетке қарсы шараларды індетке қарсы шараларды іске асыру қиындай түседі. Сондықтан ғылыми және практикалық ветеринарияның ең басты міндеті жеке мал отарларын ғана емес, барлық территорияның жұқпалы аурулардан таза болуын қамтамасыз ету.

2.2 Индеттану және жұқпалы аурулар

- Кәсіптік тәжірибеде біз шаруашылықта көптеген індет ауруларына қарсы жүргізілген жұмыстармен таныстық. Эпизоотологиялық жағдайымен танысып, бруцеллезге қан алып, аусылға қарсы вакцинация жүргіздік.
- Бруцеллез (brucellosis) - аналықтардың іш тастауымен, шу түспеуімен, эндометриттермен, еркектерінің жиірек симптомсыз өтетін орхиттарымен сипатталатын малдардың созылмалы ауруы. Бруцеллезге қарсы «RB-52» вакцинасын ектім. 2-сурет
- Инвазиялық аурулармен барлық күрес жұмыстары инвазиямен күресте алдын алу шараларының жоспары бойынша жүзеге асырылады.
- Профилактикалық жұмыстарды жүргізуде негізінен ивермек және альбен негізінде жасалған препараттарды қолданады. Практика барысында әртүрлі инвазиялық ауруларды болдырмау үшін алдын алу шараларын жүргіздік.
- Инвазиялық аурулармен күресу мақсатында шаруашылық малдарына жоспарлы мынандай алдын алу шараларын жүргіздік:
 - - Аягөз ауданы бойынша ірі қараға оқыраға қарсы ивермек егілді.
 - - Бұзауларға лишайға қарсы ЛТФ-130 егілді.
- Практика барысында Аягөз ауданына қарайтын Шыңқожа батыр ауылында, Майлин ауылында барлық ұсақ мал бастарын аталған гельминтологиялық және инвазиялық аурулардың алдын алу шаралары жұмыстарына ат салыстық. «Альвет супензия» препаратын 1 мл дозасында ауыз қуысы арқылы беріп шықтық.
- Бірқатар инвазиялық ауруларда тікелей өлім-жітім болмағанымен жануарлардың өнімі төмендейді, сондай-ақ олардың қалыпты физиологиялық өсіп-жетілуі тежеледі.

2.3. Ішкі жұқпалы емес аурулар клиникалық диагностикамен

- Мен өз өндірістік тәжірибемде ешқандай ішкі жұқпалы емес ауруларды кездестірмедім. Бірақ бұл ішкі жұқпалы емес аурулар кздеспейді деген сөз емес. Бейімбет ағаның айтуы бойынша ішкі жұқпалы емес аурулар күз айларынан бастау алады екен. Бірақ мен Бейімбет ағамен бірге бірнеше малды жеке клиникалық зерттеуден және қойларды топтық клиникалық зерттеуден өткіздім.

2.4. Мал дәрігерлік істі ұйымдастыру

- Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» заңында еліміздегі ветеринарлық қызметтің бір тармағы жекеменшік кәсіпкерлік негізіндегі ветеринарлық қызмет деп көрсетілген. Ветеринарлық қызметтің бұл түрі дамыған капиталистік елдерде кең тараған. Ол елдердегі ветеринария мамандарының басым көпшілігі (65-80 %) жекеменшік іскерлік ветқызметпен шұғылданады.
- Жекеменшік кәсіпкерлік іс-әрекетпен шұғылданудың құқықтық-нормативтік негіздері ҚР «Ветеринария туралы» және «Лицензиялар беру» туралы заңдарында айқындалып бекітілген. Ол заңдарға сәйкес заңды және жеке тұлғаларға ветеринарлық жекеменшік кәсіпкерлікпен шұғылдануға ерік берілген. Сол үшін бұл тұлғалар арнайы лицензия алуға тиісті. Лицензия үлгісін және оны беру тәртібін ҚР Министрлер Кабинеті бекітеді. Шаруашылықтағы малдәрігерлік іс-шараларды мал дәрігері атқарады. Барлық малдәрігерлік іс-қағаздарды ветеринарлық инспекторы жүргізіп, өзінің және шаруашылық басшысының қолы, мөрімен бекітеді.

2.4. Мал дәрігерлік істі ұйымдастыру

- Малдәрігерлік іс-қағаздар – алғашқы тіркеу, актілер, журналдар, есептер орнатылған тәртіппен қатаң жүргізіледі. Ветеринарлық инспекторы маусымдық кезеңдерге бөлінген емдеу, алдын алу және эпизоотияға қарсы жұмыстардың жоспарын құрып отырады. Атқарылған шаралардың барлығы малдәрігерлік есептердің актілерінде жазылады:
- Форма №1 вет. «Малдардың жұқпалы аурулары туралы есеп».
- Форма №2 вет. «Малдардың жұқпалы емес аурулары туралы есеп».
- Форма №3 вет. «Малдардың эпизоотиялық аурулары туралы есеп».
- Осы іс-қағаздардың дұрыс жүргізілуі - малдәрігер-лицензиаттың жауапкершілігінде. Есептер екі данада толтырылып, әр айдың аяғында шаруашылық бухгалтериясына өткізіліп отырылады.

2.4. Мал дәрігерлік істі ұйымдастыру

- Сондай-ақ , тәжірибе өту кезінде малдәрігерлік – есептілік іс-қағаздарының жүргізілу формасымен таныстым:
- 1. «Ауру малдарды тіркеу» журналы
- 2. «Эпизоотияға қарсы шаралар» журналы.
- Сонымен қатар өндірістік практикадан өту барысында мен осы шаруашылықтың ветеринариялық – санитариялық жағдайын тексердім. Көптеген жағдайлар санитарлық талапқа сай келмейтіндігі ескерілді. Осыған орай шаруашылық меңгерушісіне ескертулер, ұсыныстар жасалынды. Ветеринариялық паспорт жазуды, лабораторияға жіберілетін қан немесе қан сарысуын жіберуді, ол жерге барғанда келген қанды арнайы журналдарға тіркеуді үйрендім.
- Осы тәжірибеден өту кезінде шаруашылықта жоспар бойынша жас бузауларды сырғалау жұмыстарына қатыстым. Қан алу, вакцина егу барысында толтырылатын құжаттармен танысып толтыруды үйрендім. Көздегі ноғалаға жасалатын операцияны жасауды үйрендім.
- Пастерлезге анықтау үшін қан алдық.

2.5. Ветеринариялық зоогигиена

- Ветеринариялық гигиена немесе зоогигиена малдарды тиімді күтіп бағу, азықтандыру, және өсіру тәсілдерін қолдана отырып , оның ден саулығын арттыруға, одан аз шығын мен мол өнім салуға, өнімін молайтуға тиісті жағдай туғызуға бағытталған ғылыми сала. Бұл пән:
- 1. Малдарға туғызатын жағдайдың (қамау, айдау, байлау) денеге әсерін;
- 2. Күн сәулесі ауа – топырақ, су азықтардын құрамдары мен денеге тигізетін әсері;
- 3. Қора бөлшектерінің қасиеттері және тазалау, желдету жұмыстарының денеге әсерін оқытады;
- 4. Малдарды, жас төлдерді аурулардан сақтандыру жолдарын, әсіресе адам мен малға ортақ жолдарын сақтандыру әдісі
- 5. Сыртқы ортаны, ауа, су, топырақ ластандыру шараларын оқытады.

2.6. Ветеринариялық хирургия

- Хирургия - медицина ғылымының үлкен бір саласы. Хирургия сөзінің мағынасы грек тілінен аударғанда, «Хиер» қол және «ерго» әсе рету. Хирургия операция жасау жолымен емделетін дерттерді зерттейді және ондай операцияның әдіс-тәсілдерімен техникасын хирург мал дәрігерлердің күнделікті іс-тәжірибесі арқылы жетілдіре отырып, жүзеге асырады.
- Мен өндірістік тәжірибемде хирургиялық аурулар. Жиі кездесті, соның ішінде өте жиі кездескені сиыр көзіндегі ноғала.
- Ноғаланы емдеу кезінде малды дұрыстап бекітіп алып, көмекшіге мал көзін ашқыздырып таза залалсыздандырылған инемен малдың үшінші қабағын инеге өткізіп айландырамыз үшінші қабақ астындағы шеміршекті саусақпен сипап шегін анықтап, скальпелмен кесіп алып тастадым. Калли перманганаты ерітіндісімен шайып пеницилинге біраз мөлшерде қант пудрасы араласқан ұнтақты септім. 1-сурет.
- Қозыға кастрация жасадық яғни қыстық. Қысылған қозылардағы механикалық жаралар. Калий перманганаты, сутегінің асқын тотығы, иод ерітіндісі, стрептоцид. 4-сурет.
- Айғырға кастрация жасадық яғни піштік. Айғырды жығып аяғын бекітіп байлап , шалқалап жатқызып операция алаңын дайындадық. Жылқы малы өте сезімтал болғандықтан енін арнайы қысып ұстайтын қысқыш құралмен қысып ұстадық. Бейімбет мырза бірінші тері қабатын, бұлшықет қабатын соңғы ең қабатын тіліп енді сыртқа шығарды да ең бауына лигатура салдық. тамырды абайлап тіліп, енді ақырын тарта айналдырды, ең өзі үзіліп түсті. Екінші еніне операцияны мен жасадым. Тілік ішіне стрептоцид сеуіп Чеми-Спреймен өңдедім.

№	Мал түрі	Диагноз немесе жасалған операция және жұмыс көлемі	Емі	Істелген жұмыстың нәтижелері
1	Қозы	Қысылған қозылардағы механикалық жаралар	Калий перманганаты,, сутегінің асқын тотығы, иод ерітіндісі, стрептоцид.	Жара жазылды.
3	Айғыр Жылқы	Пішпе Жауыр	Пішпе жасалып калий перманганатымен шайылып. Иод ерітіндісі. Стрептоцид. Чеми-Спрей, Жараны фурацилин 0,1% ерітіндісімен жуып шайып, антибиотик нитокс-200 5мл көлемде егіп, АСД – 3 препаратын бердік.жараны Септо спрей, Чеми-спреймен еңдедік.	Мал жазылды.
4	Ірі қара	Ноғала	Операциялық жолмен калий перманганатымен	Мал жазылды.

2.7. Ветеринариялық фармакология және токсикология

- **Фармакология** – дәрілер туралы ғылым. Дәрілерді ауруларды емдеуге, алдын – алуға, жануарлардың өсімталдығы мен өнімділігін арттыруға олардың ауруларға қарсы тұру қабілетін күшейтіп, физиологиялық құбылыстардың бір қалыпты өтуін реттуге қолданады. Қазіргі уақытта талабына сай жануарлардың өнімділігін арттыру мақсатымен осы бағыттың барлығына да дәрілік заттардың маңызы артып отыр. Мал шаруашылығын өндірістік негізінде дамыту дәрілерді белгілі тәсілдермен қолданып ұана қоймай оларды күнделікті жем-шөптік, азықтық заттармен қосып беруді талап етеді.
- Фармакология – ауқымды кең ғылым, оны медицина, ветеринария, мал шаруашылығы, биология, фармация саласында жаңа дәрілік заттарды синтезден, олардың табиғаттағы таралуын іздестіруге қолданады. Ветеринарияда фармакологияны тірі организмдегі дәрілік заттардың әсерінен болатын физиологиялық және биохимиялық өзгерістердің заңдылықтарын зерттеп, осының негізінде бұл заттардың мал шаруашылығындағы қолданылуы, қолдану әдісі мен шарттарын зерттейтін ғылым деп қарайды.
- Жануарларды емдеу үшін шаруашылыққа дәрі–дәрмекте ветеринарлық дәріханадан сатып әкелінеді. Ол дәрілер арнайы қорапта сақталынады. Қораптар қараңғы бөлмеде сақталынады. Қожалықтағы дәрі–дәрмектер ережеге сай сақталады. Бұл дәрілер көбінесе ауруларды алдын алу шаралары үшін қолданады. Қажет жағдайда дәрілерді мал дәрігерінің нұсқауы бойынша қолданады. Тәжірибе өту барысында шаруашылықта дәрілердің енгізу жолдарын егу тәсілін меңгердім.

2.7. Ветеринариялық фармакология және токсикология

- **Йод тұнбасы** (5 пайыздық спирт ерітіндісі) –қара қоңыр сұйық. Оны жараға жағады, дәрі жіберерде, операция жасар алдында саусағына жағады.
- **Сүтегінің асқын тотығы**- түссіз сұйық, күн сәлесіне тез ыдырайды, 3 пайыздық су ерітіндісінен ластанған жараның бетін жуады. Көпіршіген ерітіндіні лас, ірің, өлі-ұлпаны шайып әкетеді де, бөлінген оттегінен анаэробдық микрофлора қырылады.
- **Марганец қышқылы калий**- суда жақсы еритін ашық көк түсті кристал. Мұны қараңғы жерде сақтайды. 0,1-0,3 пайыздық су аралас ерітіндісімен жараны, күйікті, жылан шаққан жерді, ауыз қуысын шаяды. Ерітіндіні қолданар алдында дайындап, ыстықтай қолдану керек.[9]
- **Спирт**- түссіз, шараптың иісі бар, жанатын сұйық. Бұл көптеген дәрі-дәрмекті ерітеді. Операция жасайтын жерді, қолды спиртпен сүртеді, мұны белгілі мөлшерде және қоспа түрінде тамырға жіберуге не ішкізуге болады.
- **Эфир**- мөлдір, тез ұшатын және тұтанатын сұйық. Спирт-эфир қоспасы теріні сүртуге қолданылады.
- **Вазелин**–ақ және сарғыш түсті қою май. Теріні жұмсарту, құрал жабдықты майлау үшін әр-түрлі май дайындауға пайдаланады.

2.7. Ветеринариялық фармакология және токсикология

- **Пеницилин**-ак немесе сарғыш түсті ұнтақ, әр құтыда 50 мың, 100 мың, 200 мың, 300 мың, және 500 мыңнан болады. Мұны новокаинның 25 пайыздық ерітіндісіне дайындап ет арасына, көк тамырға артерияға, табиғи және іріңді қуыстарға жібереді. Ұнтағын жараға себеді. Пеницилин майын дайындайды.
- **Синтомицин**-ак түсті ұнтақ, ампулада сақталады, пеницилин секілді қолданылады. Балық майын және басқа майларды қолданып 1-20 пайыздық эмульсия дайындайды, мұны көздің және басқа органдардың ауруына пайдаланады.
- **Оксиоцин**- ұй және ауыл шаруашылық малдарының аналықтарына жатырдың жиырылуын үшейту мақсатында, шу бөгелгенде, жатыр қанталауларында, атония, гипотония және жатыр қабынуларынды, маститта тағайындалады. Тері астына енгізіледі. Флакonda 20 мл. 1 мл- 5 ӘБ.
- **Нитокс 200** – инфекциялық ауруларды, плеврит, пастереллез, мастит, абцесс, перитонит, төлдеуден кейінгі инфекциялар, артрит, тұяқ іріңінде қолданылады[9.]
- **Вишневский майы** қоңыр түсті қою май, әр түрлі ісіктерге, қабыну процесі кезінде жағады. Оны салфетка және дәкеге жағып жараның бетіне салып танады, бітеу жара тесіліп іріңнен тазартқан соң оған бұл майды құю керек.
- **Ивермек** – ас қорыту мүшесіндегі нематодтарға, тері асты, мұрын қуысы, ас қорыту мүшелеріндегі паразиттерге, биттерге, қан сорғыштарға және саркоптоидты кенелерге қарсы қолданылады
- **Септо-спрей**- антисептикалық қабынуға қарсы, жарны жазушы қасиеті бар. Сыртқа қолдануға арналған спрей. Активті заты йодоповидон.
- **Чемпи спрей** – аэрозольды препарат. Хирургиялық және кездейсоқ жараларды, абсцесстерді өңдеуге арналған кең спектрлі препарат. Активті заты хлорамфеникол.

2.7. Ветеринариялық фармакология және токсикология

- **Таңғыш материалдар.** Заводта дайындалған әрі стерилдендірілген және қажет кезінде жергілікті жерде дайындайды, стерильденген және стерильденбеген болып бөлінеді.
- **Қарапайым мақта**-сарғыш не ақ түсті, майсыз бұл дененің ауру жерін жылыту үшін орауға, ыстық бұлау ретінде.
- **Дәке**- майсыз, ақ түсті, ылғалды жақсы сіңіріп , тез шығарады. Мұны салфетка, оралуы дәке күйінде таңғышқа пайдаланылады.
- **Салфетка**-аумағы 25*25см,35*32см дәке кесіндісі.
- **Скальпель**-хирургиялық болат пышақ;ұшты,жүзі жалпақ, ұшы молтақ тұзу, имек түрі болады. Мұнымен тіледі, теседі.
- **Түтікті резеңкелі жгут**-ірі қара –жуан, ұсақ малға –металл ілмекті, ұшында шынжыры бар немесе кәдімгі резина түтік қолданылады.
- **Шприц** сыйымдылығына қарай әр түрлі болады. Ұлпалар мен қуысқа сұйық дәрі жіберу үшін қолданады.

2.8. Ветеринариялық акушерлік және гинекология

- Мал акушерлігі және көбею биотехнологиясының ауыл шаруашылығындағы маңызы зор. Дұрыс ұйымдастырылған акушер-гинекологиялық жұмыстардың нәтижесінде шаруашылықта төл алудан жоғарғы жетістіктерге жетіп, мал басын көбейтуге мүмкіншілігіміз бар.

III. ҚОРЫТЫНДЫ

- Мен осы өндірістік іс-тәжірибе барысында әртүрлі малдарға вакцина жасау, қан алу, дегельминтизация, дератизация, дезинфекция, жолдама құжаттарды толтыруды, малдың ветеринариялық төл құжаттарын толтыруды толық меңгердім. Іс-тәжірибеден өту кезеңінде ветеринариялық-санитариялық жұмысты ұйымдастыру, ветеринариялық-санитариялық сараптама, инфекциялық аурулармен, инвазиялық аурулар, ішкі жұқпалы емес аурулар негізі, алғашқы ветеринариялық көмек, ветеринариялық гигиена жағдайы, ветеринариялық қадағалау объектілеріндегі ветеринария, ветеринариялық куәліктер, сапалық куәліктер, хаттама, ветеринариялық анықтамалар, ветеринариялық есептеулер т.б мамандық саласы бойынша құжаттар толтыруды меңгеріп, арнайы заңдар мен құқықтық актілерді оқып, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларға қатысып, теориялық білімімді тәжірибе жүзінде атқардым.
- Жалпы қорытындылап айтатын болсам, осы күндер ішіндегі Аягөз ауданында өткен өндірістік тәжірибе маған үлкен сабақ болды. Осындай тәжірибе жұмыстары болашақ мамандардың жұмысқа деген көз-қарастарын жеңілдететі түседі. Әр бір болашақ маман, өз жұмысының қандай екеніне көз жеткізе алады. Үйренген тәжірибем мен үшін болашақта жұмыс істеуде көп көмегі тиеді деп ойлаймын.

IV. Ұсыныс

- Өндірістік тәжірибеден өту барысында веринариялық қызмет көрсетудің кейбір жеткіліксіз тұстарын байқадым. Ең алдымен, бірнеше шаруа қожалықтарының қоражайларында зоогигиеналық талаптар сақталмаған. Қоражайдың төбесінде, қабырғасында бітелмеген саңылаулар кездесті. Кейбір шаруа қожалықтарындағы қоражайларда қи шығарылмай, қалыңдаған. Бұл жағдай жануарлар арасында түрлі аурулардың пайда болуына және індет қоздырушыларының сақталуына бірден – бір себеп екендігі белгілі.
- 1.Әкімшілік тарапынан әр ай сайын Аягөз ауданы бойынша шаруа қожалықтарының қоражайларына, жайылымдық жерлеріне тексеріс жүргізу, гигиеналық талаптарға сай келмегендеріне айыппұл салу;
- 2.Ішкі жұқпалы емес аурулардың алдын алу шараларын жоспарлы түрде жүргізу;
- 3.Малдарды қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру.
-

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1. Б.К.Ильясов. «Алғашқы ветеринарлық жәрдем» Алматы. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. 2001жыл
- 2. Н.Сабаншиев, Т.Сүлейменов, Ө.Қарамендин, Г.Шабдарбаева, Н.Жантөре. «Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары»//Ветеринария. Алматы, 2003 №2-С.62-75
- 3. Қасымов Е.И.«Индеттану және инфекциялық аурулар ветеринариялық-санитария негіздерімен». //Оқу кұралы. -Алматы, ҚазҰАУ, 2013.
- 4. Б.К. Ильясов,А.Б.Ильясов «Жануарлардың жиі кездесетін жұқпалы ауруларының анықтамасы» // . Ветеринария. Шымкент, 2011ж №7-С.25-32
- 5. Қ.Б.Бияшев, Ш.Ж.Тұрсынқұлов, А.Ж.Танраев, Д.Е.Арзымбетов, С.А.Жарасбаев «Ветеринария ісін ұйымдастыру» Алматы. 1999жыл
- 6. М.Сабаншиев, Т.Сүлейменов, Ө.Қарамендин, Г.Шабдарбаев, М.Жантөре.«Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары» Алматы. 2003жыл
- 7. Х.Ж. Қажиев, М.Н. Абанова «Ауылшаруашылық малының өсіп өну биотехнологиясының практикумы» Семей-2001
- 8. М. Аятқанұлы «Мал акушерлігі және көбею биотехнологиясы» // .Ветеринария. Павлодар,2006.№5-С.-45-52
- 9. В.Н.Жуленко, М.И.Рабинович, Г.А.Таланов «Ветеринарная токсикология»//. Ветеринария. Москва, Колос,2004 №2-С.54-63
- 10. А.А.Тегза, А.К.Кунтуған «Жануарлар патологиясының негіздері»/ Қостанай, 2016 ж.
- 11. К.Н.Қожанов,А.З.Дюсембаева,С.О.Балтыбеков,А.К.Омашев.
«Малдың ішкі жұқпалы емес ауруларының практикумы». //Ветеринария Семей, 2000 ж С.-12-35

Қосымшалар

Қосымша А:



1-сурет: Ноғала алу .

Қосымшалар

Қосымша Б:



2-сурет: қойдан қан алу және сиырды бруцеллезге қарсы вакцинациялау

Қосымшалар

Қосымша В:



3-сурет: айғыр пішу

Қосымшалар

Қосымша Г:



4-сурет: Қозыға кастрация